

Шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Қызылжар ауылдық округінің әкімінің 2013 жылғы 18 желтоқсандағы № 3 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 27 желтоқсанда № 3722 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Қызылжар ауылдық округінің әкімінің 2015 жылғы 3 қарашадағы № 7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Қызылжар ауылдық округінің әкімінің 03.11.2015 № 7 шешімімен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі " Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес, Қобда ауданының мемлекеттік бас ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2013 жылғы 26 қарашадағы № 417 ұсынысы негізінде Қызылжар ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ірі қара малдары арасында жұқпалы бруцеллез ауруының анықталуына байланысты Қызылжар ауылдық округінің Қызылжар, Қаракемер ауылдарының аумағында шектеу іс шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режим белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі	Ә.Т.Накеш
-------------------------	-----------